

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС отырысының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы ҚАУЛЫСЫ**

1. Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Е.А.Бурибаевтың "Абай атындағы ҚазҰПУ-де ғылыми кадрларды даярлаудың жаңа үрдістері мен нәтижелері" туралы баяндамасын тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.1. Ғылым департаментіне:

– 22.01.2024 ж. дейін PhD докторанттардың мерзімінде қорғауға шығуын қамтамасыз ету механизмін жасау мақсатында жұмыс тобы құрылсын және университет Ректорының 21.04.2023 жылғы №05-04/307 бұйрығымен бекітілген «PhD докторантураның білім беру бағдарламасын жүзеге асыру туралы» ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін.

1.2. Институт директорларына:

– 22.01.2024 ж.дейін ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығына сәйкес докторантураны бітірген, бірақ қорғамаған докторанттардың 4 (төрт) жыл ішінде қорғауын қатаң бақылау мен қамтамасыз ету жүзеге асырылсын;

– 22.01.2024 ж.дейін PhD докторанттарды жылсайынғы аттестаттау комиссия құрамы бекітілсін және оның құрамына академиялық мәселелер жөніндегі, ғылым мен халықаралық ынтымақтастық департаменттерінің өкілдері енгізілсін;

– Ғылым департаменті тарапынан тұрақты өткізіліп жүрген Scopus деректер базасымен жұмыс істеу бойынша семинарлар мен вебинарларға докторанттардың толық қатысуы қамтамасыз етілсін.

1.3 Кафедра меңгерушілеріне:

– Ғылыми кеңесшінің бітіруші докторанттары 4 жыл ішінде қорғамаған жағдайында болашақта ғылыми кеңесші докторлық диссертациялық жұмыстарға жетекшілік студент шеттетілсін;

– Кафедраларда докторлық диссертациялардың сапасын арттыруға бағытталған ғылыми семинар жұмысы жандандырылсын

2. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «Кәсіби бағдар жұмыстарының жоспарын жүзеге асыру барысы және 2024-2025 оқу жылына талапкерлерді тарту бойынша іс-шараларды анықтау туралы» есебін тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

2.1. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Кәсіби бағдар жұмыстарының жоспарын жүзеге асыру барысы және 2024-2025 оқу жылына талапкерлерді тарту бойынша іс-шараларды анықтау туралы» есебі - қабылдансын.

2.2 Кәсіби бағдар беру орталығының жетекшісі Н.Әуесбекұлына, маркетинг бөліміне, институт директорларына:

- 2023/2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес мектеп бітіруші түлектерге Кәсіби бағыт бағдар беру жұмыстарын жүргізу одан әрі жалғастырылсын (Мерзімі – үнемі).

- мектеп бітіруші түлектерге Кәсіби бағыт бағдар беру жұмыстарын жүргізу мақсатында, 2023/2024 оқу жылында өткізілетін Республикалық және Халықаралық көрмелерге қатысу ұйымдастырылсын (Мерзімі – үнемі).

- шет елдік білім алушыларды университетке тарту мақсатында Халықаралық деңгейде өткізілетін кәсіби бағыт бағдар беру форумдарына, Халықаралық білім көрмелеріне қатысу арқылы университеттің «Ашық есік» күндерін өткізу жұмыстары жүргізілсін; (Мерзімі – үнемі).

2.3. Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті директоры А. Байдильдинаға, институт директорларына, Кәсіби бағдар беру орталығының жетекшісі Н.Әуесбекұлына:

- 2024/2025 оқу жылына бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша қабылдау жүргізілетін білім бағдарламаларының тобын нақты анықтап университет сайтына қабылдау жүргізілетін білім бағдарламаларының тобы бойынша ақпарат берілсін (Мерзімі – 15.02.2024 ж).

- 2024/2025 оқу жылына докторантураға түсетін үміткерлер тізімін жасақтап арнайы келісім шартпен ағылшын тілін оқытып берілген мемлекеттік тапсырыстарды орындау толық жүзеге асырылсын. (Жауапты институт директорлары).

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдесіндегі №2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты», «Магистратура» (2-тарау, 1-параграф) бөлімінің 30-тармағына және «Докторантура» (2-тарау, 2-параграф) бөлімінің 78, 80 тармақтарына сәйкес Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е.Бөрібаевтың 2023/2024 оқу жылында 2023 ж. 28 тамызындағы №05-04/592 бұйрығымен оқуға қабылданған 1 курс PhD докторанттарының диссертация тақырыптарын бекіту; 2, 3 курс PhD докторанттарының ғылыми кеңесшілерін (отандық, шетелдік) ауыстыру және 2 курс магистранттарының диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін нақтылау туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 3.1. 1-ші курс курс PhD докторанттарының диссертация тақырыптары (үш тілде) 1- қосымшаға сәйкес бекітілсін.
- 3.2. 2-ші және үшінші курс PhD докторанттарының ғылыми кеңесшілері (отандық, шетелдік) 2-қосымшаға сәйкес ауыстырылсын.
- 3.3. 2-ші курс магистранттарының магистрлік диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілері 3-қосымшаға сәйкес нақтылансын.

4. Әртүрлі.

5. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



[Handwritten signature]

[Handwritten signature]

Б.А.Тілеп

М. А. Абсатова